

Р.ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» РОМАНЫНДАҒЫ МАХАМБЕТТИҢ БЕЙНЕСІ

Гулхаё ГАНИЕВА*
Бибіжан БЕГМАНОВА**

Түйіндеме: Бұл мақалада жұмысында тарихи қазақ прозасының маңызды туындыларының бірі, Рақымжан Отарбаев жазған «Бас» романындағы қазақтың танымал ақыны, жырау, батыр Махамбет Өтемісұлының бейнесі зерттелді. Зерттеу әдістері ретінде әдебиеттерді талдау, мәтін мен оның мазмұнына символдық анализ жасалынды. Зерттеу барысында осы романға дейінгі Махамбет Өтемісұлы жайлы жазылған әдеби шығармалар мен туындылар талданды. Сонымен қатар, басты кейіпкердің осы романдағы бейнесі жайлы осы уақытқа дейінгі жазылған жұмыстар қарастырылды. Одан соң «Бас» романының өзінің мәтіндегі Махамбет Өтемісұлының бейнесінің символикалық рөлі мен идеялық құрамдас бөлігі анықталып, талданды. Осылайша бұл мақаланың басты құндылығы роман ішінде әдебиеттегі тарихи қазақ прозасына тән ортақ элементтер және «Бас» романына ғана тән ерекше әдеби элементтер белгілі болды. Тән элементтерге келетін болсақ, романда қазақ тарихындағы отарлық езгіге қарсы шыққан батырлық бейнесін көрсету сипатталды. Ал, ерекше әдеби элементі бұл басты сюжетті қозғаушы объект ретінде Махамбет Өтемісұлының қайта қазып алынған «бас сүйегінің» тағдыры болды. Сонымен, бұл зерттеу жұмысы, Махамбет Өтемісұлының қиындыққа толы өмірі мен өлімінен кейін де тыныштық таппаған «бас сүйегінің» тағдырын сюжеттік негізге алған Рақымжан Отарбаевтың «Бас» романындағы бейнесін анықтап, романға әдеби тұрғыда талдау жүргізілді.

Кілт сөздер: *проза, тарихи роман, символика, сюжет, фольклор.*

The Image of Makhambet in the Novel "Head" by R. Otarbayev

Abstract: The article examines the image of the famous Kazakh poet, zhyrau, batyr Makhambet Utemisovich in the novel "Bas" by Rahimzhan Otarbayev, one of the most important works of historical Kazakh prose. Literature analysis, symbolic analysis of the text and its content were carried out as research methods. The research analyzed literary works and articles about the hero of the novel. Then the symbolic role and the ideological component of the hero's image in the text of the novel were analyzed. Thus, the main value of the article lies in the fact that common elements characteristic of historical Kazakh prose in literature and unique literary elements characteristic only of this novel are used inside the novel. The general characteristic elements in the novel describe the manifestation of the heroic image of Kazakh history, resisting colonial oppression. And the unique literary element driving the plot is the "skulls" of the excavated hero. So, this research work revealed the image of the hero who formed the basis of the plot of the fate of Makhambet Utemisov, who did not find peace even after the hard life and death of Makhambet Utemisov, and a literary analysis of the novel was carried out.

Key Words: *prose, historical novel, symbolism, plot, folklore.*

Кіріспе

Еліміздің тарихында және әдебиетінде елеулі орынға ие тұлғалар көп. Сонау ерте ғасырлардан бері бүгінгі күнге дейін тарих толқынының аясында ерен еңбек еткен тұлғалардың туындылары мәдени құндылық ретінде жаңа буындарға өтуде. Осы мәдени сабақтастықтың жарқын тұлғаларының бірі ақын, жырау, батыр, отаршылық саясатқа қарсы ұлт-азаттық көтерілістің белсенді қатысушысы Махамбет Өтемісұлы. Махамбет Өтемісұлының ауыр тағдыры мен шығармашылығы тарихшылар мен әдебиеттанушылар үшін үлкен зерттеу тақырыбы болып табылады. Көп жылдар бойы Махамбет Өтемісұлының шығармалары және өзі жайлы көптеген зерттеу жұмыстары жарық көріп, әдеби туындылардың басты кейіпкері ретінде де жарыққа шыққан еңбектер баршылық. Осыншама туындылардың болуы Махамбет болмысының бір кезеңнің ғана батыры емес, жалпы қазақ мәдениетінің феномені екенін аңғартады. Ендігі кезекте, осы туындылардан тыс, Махамбеттің тұлғасын, бейнесін тікелей сипаттаудан немесе шығармашылығына рефлексия білдірмей, жаңа сарында фантастикалық сюжетке құралған әлеуметтік-психологиялық роман, артынша пьесаға негіз болған Рақымжан Отарбаевтың «Бас» романын айтуға болады. «Бас» романы

* Магистрант, E-mail: g.ganieva00@mail.ru

** Ф.Ф.К., қауым. Профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы
bibizhan.begmanova@mail.ru

Махамбет Өтемісұлының өзі жан тапсырса да, «бас» сүйегіне тыным тапқызбаған заманның, қоғамның жағдайын баяндап, қазақ әдебиетінің жаңа классикалық шығармасына айналды деп атауға болады. Дегенмен, бұл арада Рақымжан Отарбаевтің «Бас» романындағы Махамбет бейнесіне тікелей тұлғаның өзі болмаса да, кітап кейіпкерлерінің «Махамбеттің басына» деген қарым-қатынасына қарап, романның зерттелу тарихына негізделі отырып белгілі бір деңгейде Махамбеттің бейнесін сипаттауға болады. Алайда, туындыда кейіпкердің бар болуы оның әдеби тұрғыдағы бейнесін анықтайтын құрал деп айта алмаймыз. Себебі, көп кейіпкер шығармада аталып өтуі мүмкін, бірақ оның бейнесінің сомдалуын, болмысының қайталанбас қырларын сипаттауы күрделі талдауды талап етеді. Осыған сәйкес, зерттеу мақсаты ретінде Рақымжан Отарбаевтың “Бас” романындағы Махамбеттің бейнесін талдау және анықтау деп таңдалды. Ал, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

- «Бас» романына қатысты осыған дейін жазылған деректерді талдау арқылы, Махамбеттің бейнесіне қатысты тұжырымдарды анықтау
- «Бас» романының мәтініндегі Махамбет бейнесінің символикасы мен идеясын анықтау

Осылайша, осы міндеттерге қол жеткізу арқылы Рақымжан Отарбаевтың «Бас» романындағы Махамбет Өтемісұлының бейнесін анықтауға болады.

Зерттеу әдісі. Жалпы романдардың кейіпкерлерінің бейнесін зерттеу және зерделеу әдеби талдау мен сынның негізгі аспектісі болып саналады. Зерттеу мақсатына қол жеткізу қажет міндеттерді орындау үшін әрбіріне сәйкес зерттеу әдістерін қолдану керек. Сол себепті зерттеуде келесі әдістер қолданылды:

1. Біріншісі, екінші ретті әдебиеттерді талдау. Яғни, зерттеу тақырыбы аясындағы екінші ретті зерттеулер, мақалалар мен авторлар пікірлері мен талдауларына жүгіну (Пашинян, И. А., 2012). Бұл зерттеу тақырыбының осы уақытқа дейінгі ақпаратты жинақтауға, түсінуге, талдауға, синтездеуге, жинақтап ой қорытуға мүмкіндік береді.
2. Екіншісі, мәтін мен символдық анализ, мұнда кейіпкерлер туралы ақпаратты анықтау үшін роман мәтінінің өзіне жүгінеді. Сол арқылы кейіпкерлердің мотивтерін, сипаттамаларын және дамуын түсіну үшін диалогтарды, әрекеттерді, ішкі монологтарды, сипаттамаларды және басқа мәтіндік элементтерді талқыланады (Жеребило, Т. В., 2012). Бұл әдісті қолдану барысында тарихи шолуға да қолданылды. Себебі, тарихи контекстімен қатар мәтіннің негізгі идеялары мен сюжетіндегі өзгерістер қарастырылды. Сонымен қатар, бұл әдіспен қатар символика мен метафораларды қолдануды қарастыруды алсақ болады. Метафора бұл бір объект немесе тұжырымдама, әдетте бір-біріне ұқсамайтын объектімен немесе тұжырымдамамен байланысты болатын сөйлеу, жазу фигурасы. Ал, символ бұл абстрактілі немесе одан да тереңірек нәрсені білдіретін объект, әрекет немесе құбылыс. Романдағы символдар мен метафораларды талдау оқырманға кейіпкердің бейнесін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, өйткені бұл әдеби құрылғылар авторға кейіпкердің эмоционалды, психологиялық және рухани аспектілерін жеткізуге көмектеседі. Бұл белгілі бір деңгейде «Бас» романы үшін өзекті зерттеу әдісі болып табылады, себебі туындының өзі үлкен символикалық маңыздылыққа ие.

Жалпы, негізгі зерттеу әдістерінен тыс, ескеру керек жайттың бірі, көп жағдайда романдардың кейіпкерлерінің бейнесін талдау субъективті үдеріс екенін ескеру жөн. Сәйкесінше, әр түрлі зерттеушілер әр түрлі әдістер мен интерпретациялар қолдануы заңды.

Нәтижелер және талдау. Біріншіден осы уақытқа дейінгі «Бас» романына қатысты зерттеулер, еңбектер мен жазбаларға талдау жасалынды. Дегенмен, одан бұрын Махамбет Өтемісұлының тұлғасы жайлы жазылған орасан зор еңбектерді атап өту керек. Олардың қатарында Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Мұхтар Шахановтың «Нарынқұм зауалы», Фариза Оңғасырованың «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім, Қалижан Бекхожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» толғауы, Мақсұт Неталиветің «Арыстан еді-ау Исатай» поэмасы, Ілияс Жансүгіровтың, «Исатай-Махамбет», Ғабдол Слановтың «Махамбет», Мұсатай Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», Әкім Тарази, Иранбек Оразбаев, Сәкен Жүнісовтің «Махамбет» туындылары, атақты Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Берқайыр Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Қажығали Мұханбетқалиевтің «Бас жұтқан бас», дың «Исатай-Махамбет» секілді көптеген әдеби туындылар жарық көрген (Құлмағамбетова, Д., 2014). Осыншама туындылардың қатарында Рақымжан Отарбаевтың «Бас» романын ерекшелендіретін не деген сауал туындайды. Әлбетте, жеке-жеке әр туындымен салыстыруға келмейді. Бірі жыр, поэма, дастан болса, екіншісі биографиялық сипаттағы туындылар. Ал, «Бас» романы болса Махамбеттің «басын» бақилық болса да, қайта фәниге оралдырған Ноэль Шаяхметов пен Махамбеттің «басының» жаңа замандағы «саяхатын» баяндайды.

Романға қатысты бір зерттеушілері туындының бірінші ретте оқырмандар арасында көп талданған еңбек деп баға береді. Бұл арқыл қазіргі нарықтық қарым-қатынас қалыптасып кеткен капиталисттік кезеңнің өкілдерінің өзі рухани ізденісті аяқтамай осындай романдарды іздеп тұрып оқитынын алдыға тартады. Сонымен қатар, бұл роман белгілі бір деңгейде келесі буынға «романды қалай жазу керектігін байыппен үйрететін» туынды деп айтылды. Осы зерттеуде Махамбет батырдың бейнесін жаңа қырынан айшықтайтын маңызды идеяның бірі «бүгінгі адамның ойымен суреттелген Махамбет дәуірі». Яғни, туынды Махамбеттің бейнесін тікелей өз заманындағы батыр, ақын, жырау, көтерелістің көшбасшысы ретінде емес, бүгінгі күндегі адамдардың қарым-қатынасы арқылы анықталатын бейне екендігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде Махамбеттің бейнесіндегі тарихи шындықты аша түседі деген пікір алдыға тартылады (Токсамбаева, А. және басқалары., 2023). Тағы бір деректерде бұл туынды даралығының белгісі, ол қазақ халқына мораль үйретіп, дайын ақыл айтпайды. Жоқ, туынды халықты ойлануға, ақылды қосуға жетелеп, жол сілтеп тұратыны жайлы айтылады. Сонымен қатар бұл романға тіл бітер болса қазіргі замандағы мән-мағынасы жоқ іс-шаралар, ұлттық құндылықтардың құнының жоғалуы, былықтың өршіп кеткенін бетімізге басып айтатын еді деген ойлар да айтылады (Әбілмақын Д., 2021). Осы ойды өрбіте отыра тағы бір авторлар романның кітапта баяндалатын кезеңдегі әлеуметтік жүйеге өте ауыр бастың сипатын көрсетеді деп айтылады. Әрі осы жерде бас жазсын болса да, белгілі бір Махамбеттің бейнесіне айналған бас екені белгілі болады. Әлеуметтік жүйе демекші, бір сарапшылар осы романдағы сол кездегі қоғам көрсеткіші болып табылатын кейіпкелердің мінез-құлқы Махамбеттің басына бір миллион АҚШ доллары тігілгенге дейінгі және кейінгі өзгерісін романның тартымды элементі ретінде атап өтеді (Ult.kz., 2022). Бұл адам баласының ақша үшін өз көзқарастарын қалай өзгерте салатынын жарқын көрсетеді. Сонымен қатар, фольклорлық санадағы адамның «жаны» мен «рухы» мәңгілік, яғни өлмейтіні жайлы романдағы осы танымды алдыға тартады. Бұл, белгілі өз кезегінде Махамбеттің басы «ана дүние» мен «бұл дүние» арасындағы адамдарға тән мифтік сананы сипаттайды.

Дегенмен, екі дүние арасындағы Махамбеттің басы статикалық, бірқалыпты «үнсіз» объекті емес. Ол өзінің бар болуымен қатар, «тіл қататын» кездері де болады. Оны осы уақытқа дейінгі «Бас» романына пікір білдірген барша авторлардың Махамбет басының тіл қатуы кезіндегі ең бір әсерлі, романдағы Махамбет бейнесін анықтайтын

үзінділерді атап өткен жөн. Махамбеттің бейнесін айшықтайтын бірінші қатарлар, оның антрополог, археолог Ноэльдің түсіне кірген уақытындағы айтылған сөздермен өрнектеледі. Онда Исатайдың шайқас барысында «Шаңын шығарып емес, қанын шығарып соғындар», «Мін атыңа! Жаудан қапты деген жаман атқа қалдырайын деп пе ең?» деген сөздері, батырдың батырлық сипаттарын көрсетеді. Одан кейін Қайыпқали сұлтан, Ықылас жендет, Баймағамбет сұлтан жайлы шындық Махамбеттің өзі «басынан» айтылады. «Бас» антрополог Ноэльге өзінің назын жеткізеді, ал, өзінің уақытындағы Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтанға айтылған сөздер арқылы шындықтың ақыр аяғында белгілі болатыны жайлы сыр шертеді (Әлмұханова Р., 2020). Сонымен қатар, мұнда Махамбет бейнесі тек хан-сұлтанмен күрескен тұлға емес, ел бүтіндігі мен тыныштығын ойлаған тұлғаның бейнесін көрсетеді. Оны тағы да алдыңғы деректегі «Басыңды алдырмас едім, қалың қазақ тағы да соңыңнан еріп кете ме деп айбындым. Жөн сөзге сен көнбедің. Замана желі ұйытқи соғып, бізге көз аштырды ма? Ормандай орысты қайда қоясың?» сөздерден байқауға болады, әрі осы арқылы Ресей империясының озбыр, отаршыл саясатының шынайы бет-бейнесі көрсетіледі. Ал, Жәңгір ханмен болған диалогта, батыр: «– Тұрысатын жеріңді айт! Кінә – өзіңнен. Нар жайылар көңілдің жайлауына өңшең тоқал ешкіні ойнақтата алмаспын» деп өзінің әділетсіздікке қатысты көзқарасын білдіреді. Осымен бірге, Махамбеттің «басы»: «– Әй, Ноэль, мені Алматыға лақтырып кету үшін көрімнен қазып алдың ба? Бұл не сұмдығың?» деп Ноэльге өз уайымы мен реніште екенін жеткізеді. Ол, «бастың» тек өткеннің шындығын айтушы емес, бүгінгі сұмдықтың да куәгері екенін көрсетеді. Дегенмен, «бас» әркімге тіл қата бермейді. Ол автордың да, «бастың» өзінің де болмысына сәйкес тек әкім Имашқа «Оян ботам!» деп түсіне аян беріп және антрополог Ноэльге «Ой арқалап болдың ба, балам?.. Оқиғаның жалғасын өзгеден емес, өзімнен тыңда» деп тіл қатады. Себебі, осы екі кейіпкер ғана ұлт құндылықтарының қадірін білетін адамдар болып саналады. Романдағы бұл дүние тек қана символдық мағынаға емес, сонымен қатар, Рақымжан Отарбаевтың қазақ танымдағы мифтік сана, рухтың мәңгілік екендігіне сенімнің көркемдік тәсіл ретінде әккі қолданғанын көрсетеді (Әлмұханова Р., 2020). «Бас» романындағы бас өткен мен бүгіннің, ана дүние мен осы дүниенің арасындағы «көпірі» болып табылады. Бұл романның басты идеясы мен Махамбеттің бейнесіне қатысты негізгі тұжырым болып табылады.

Екіншіден, туындының мәтінінің анализі мен символдарын анықтауға қатысты нәтижелерге келетін болсақ, туындының сюжеттік желісі шынайы өмірде болған оқиғаға негізделген екенін алдыға тарту керек. Кітаптың басты сюжетті қозғаушы объектісі Махамбет Өтемісұлының бас сүйегі мен болмысы. Бірақ басты кейіпкер ол Қазақ КСР-ның бірінші хатшысы болған саяси қайраткер, қазақ халқының кеңестік кезеңде тұрмысына көп пайда тигізген ерен тұлға Жұмабай Шаяхметовтың ұлы Ноэль Шаяхметов. Ноэль Шаяхметов әлем тарихындағы танымал тұлғалардың, оның ішінде Әмір Темір, патша Иоан Каһарлы, Ұлықбек, Шиллер секілді көптеген ежелгі адамдардың бас сүйектері негізінде келбеттерін қалпына келтіретін, атакты ғалым, антрополог Михаил Герасимовтың шәкірті. Герасимовтың үздік шәкірттерінің бірі болған Ноэль Шаяхметовтың ең алғашқы танымал жұмысы қазақ жеріндегі көнеде өмір сүрген үйсін тайпасының өкілінің келбеті еді. Бүгінгі күнге дейін мектеп бағдарламасындағы тарих кітаптарында бейнеленіп және музейлер мен археологиялық кешендерде мүсіндері тұрған үйсін адамы осы Ноэль Шаяхметовтың туындысы болып саналады (Р.Шаяхметов., 2019). Романның алғашқы бөлімдерінде Ноэль: «Рұқсат етіңіздер, үш бидің моласын ашайын. Бас сүйектерін алайын. Әр сантиметрін өлшеп, ғылыми негіздеп тірі кезіндегі мүсінін қалыптайын. Ұрпақ көрсін. Ұлағат алсын. Сосын ескерткішін қойыңыздар» деген өзінің адал ниетін білдіреді. Бір қарағанда, қазақ халқының еңсесін көтеріп, өткені мен бүгінгіне дұрыс баға беру, болашаққа сеніммен

қадам басуға осындай жарқын сөздермен басталатын істер негіз болады. Алайда, адал ниетпен айтылған дүние жүрегі кібірлікке маталған адамдар үшін ештеңе емес екені анық болады. Кітап сюжетінде де осы биографиялық кезең белгілі бір деңгейде сипатталады. Бұл бірінші ретте “Махамбеттің” бас сүйегін тауып, қазып алып және сол баспен бірге жаңа қазақ саяси қызметкерлерінің опасыздығы мен қасарысуынан жапа шегетін Ноэльдің сюжетке енетін бөлімі. Ендігі кезекте, романды талдай отыра мәтіндегі символика мен метафораны қарастырайық. Осы әдістің негізінде кітаптың басты символы бұл Махамбеттің “басы”. Бұл символ белгілі бір деңгейде қазақ ауыз әдебиетіндегі “Адамның басы - Алланың добы”, “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” секілді адам басын тікелей сипаттаған мақал-мәтелдермен айшықталады. Біріншісі, “Адамның басы - Алланың добы” дегенге келсек, тарихи деректерге қайта жүгінеміз. Оған сәйкес Махамбет батырдың басына тірідей Баймағамбет сұлтан өшігіп, тірідей 1000 сом, өлідей 500 сом бекітеді. Бұл бекітілген қаражат жендеттерге ақша бөлісу жеңіл болу үшін Махамбетті тірідей емес, өлідей әкелуге мүдделі етеді. Ақыры, батырдың басы кезінде өзі көтерілген империяның әскерилерінен емес, өзімен рулас туыстардың қолынан болады. Кітапта осы оқиғаны Махамбеттің бас сүйекті қалпына келтіру барысында Ноэль анықтайды. Оны: «Кітаптың осы беттерінде Махамбеттің басы бір адамның емес, екі адамның соққысынан келгені анықталады». Бұл антропологиялық қалпына келтіру кезеңі тек ғылыми фактологиялық емес, Махамбеттің өлім сәтін қандай қайсарлықпен қарсы алғаны, ал жауларының қандай опасыздықпен ағайынын өлімге қиғаны көрінеді. Енді тарихи деректерге сүйенсек, Махамбеттің басы шабылған соң, ол дереу Баймағамбетке жеткізіледі. Уақыт өте келе басты мәйіттің тәнінен бөлек басты ұстау мұсылманшылыққа жатпайды деп, ағайындан Махамбеттің басын мүрдесіне қайтарады. Ал одан кейін Баймағамбет осы «ерлігі» үшін Орынбордан Ресейдің әскери «генерал-майор» шеңін алып келе жатқанда жан тапсырады. Бір деректерде бұл жан тапсыру оқыс оқиға емес Махамбеттің балдызы, жақыны Асаубайдың кегі деп айтылады (Nadezhda.kz., 2015). Осылайша, тарихи алаңда Махамбеттің жаны тыныштық табу керек еді. Алайда, “Бас” роман желісі және Ноэль Шаяхметовтың антропологиялық зерттеуі аясында Махамбеттің басы қайта көтерілуге тиіс болады. Бұл өз кезегінде символды айшықтайтын метафора саналатын “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген мәтелге сайып келеді. Әлбетте бұл сөздер легінде мәселе түйіні үшін басты шапса да, мәселе жайлы айтылатын сөзді тыю мүмкін емес деген пікір көп қабылданады. Алайда, Рақымжан Отарбаев “Бас” романында бұл пікір Махамбет тұлғасының басының жан тапсырғаннан кейінгі тағдырына келгенде басқаша интерпретацияланады. Себебі, Махамбет кітап сюжеті баяндалатын уақыттан үш ғасыр бұрын бақилық болған тұлға. Дегенмен, Махамбеттің тұлғасы мен бейнесі үш ғасырдан соң қайта тіріледі. Бұл жолы тек бас сүйек формасында. Сәйкесінше, осы кесілген бас пен Ноэльдің басынан өткендері белгілі бір деңгейде Махамбеттің сөзі ел ішінде, халық арасында әлі тірі екендігі көрінеді. Алайда, ол тірілік жан біткен емес, атақ, даңқ, жалаң ұран үшін ғана бар екендігі көрсетіліп, сыналады. Оның мысалы ретінде, Махамбетті зерттеген академик Қайыпқали, әдеби және мәдени ескерткіштерді сақтау институтының басшысы Ықылас, жергілікті шенді Баймағамбеттердің Махамбет бейнесіне деген қарым-қатынасынан жарқын көрінеді. Мәтіндегі «аялуы ақын», «көсем», «ұлы батыр» деген сөздер бас сүйекті көрмей тұрып осы үш кейіпкерден көп айтылғанымен, іске келгенде әрбірі өз сылтауы мен себебін тауып, Махамбеттің басынан қашады. Әсіресе, бастапқы жалаң ұранға негізделген батырлық сипаттардан соң Махамбет бейнесіне үш шенеуніктің ішінен шыққан шынайы бет-бейнесін әшкерелейтін, Махамбеттің бас сүйегін Ноэльдің алып кетуін талап еткенде айтылған «қиратқыш», «бүлікші», «жүрген жерін бүлдіріп кететін бұзақы» деген теңеулері, Махамбет бейнесінің әлі де отарлау кезеңіндегі жаладан аумаған таптаурындары

сақталғанын көрсетеді. Бұл сөздер Әмір Темірдің қабірін ашқан соң соғыс басталғанын, ал Махамбеттің қабірін ашылуы бүлікке апарады деп теңеледі. Дегенмен, бұл сөздер айтылған кезде Махамбеттің басы әлдеқашан жер бетіне шығып қойған еді. Нәтижесінде, романның осы бір мәтініне қарап, біз Махамбеттің «басы» «қайта тірілген» соң да онымен арпалыс пен алысу тоқтамағанын байқаймыз. Тек жаңа буын өкілі академик Қайыпқалидың қызы Айым мен күзетші Дәуреннің Ноэльге деген ықыласына қарап ғана осы мәтелдің идеясындағы «тіл кеспек жоқ» критерийіне сәйкес келетіндігі анықталады. Сонымен қатар, ең қызығы Рақымжан Отарбаев Махамбеттің көзі тірі кезіндегі онымен бақталас болған Баймағамбет сұлтан, батырдың өліміне ат салысқан жендет Ықылас, сатқындық істеген Қайыпқали сұлтан кейіпкерлері кейінгі жиырмасыншы ғасырдағы кеңес заманындағы функционер шенеушік пен басшылардың есімдері бірдей. Бұл параллельге назар аударсақ, екі заманда да өз «Баймағамбеттері» мен «Ықыластары» бар екенін көруге болады. Жалпы, романда ащы болса да шындық Абайдың қара сөзінде айтылғандай «Және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыз болғаныңнан күл, ызалы күлкі - өзі де қайғы» демекші, романда Ноэльдің Махамбет туралы ақылдасу үшін Баймағамбет деген министрге келгендегі «Махамбет жайлы ақылдаса келгем» деген сөздеріне «Баймағамбет «Ә, әне біреу екен ғой. Қай басқармада істейтін еді?» деп айтқанын қарап ызалы күлкімен күлесің. Тағы бір романдағы ащы шындықты «Осымен, Махамбет Өтемісұлының басына екі рет ақша тігілген екен. Бірі – тірісінде жоғалту үшін, екіншісі – жоғалған басты табу үшін» сөздерінен байқауға болады. Ал, роман негізіндегі пьесада:

«Сыймады екен қалыпқа,
Талантты боп туған ірілер.
Сендерден қалған даңққа,
Таласып жатыр тірілер» деп,

Махамбеттің даңқын жеке басының мүддесінде ғана қолданып жүрген адамдарға сынмен қарайды (С. Рахметұлы., (2015). Осылайша, біз, «Бас» романының мәтініндегі Махамбет бейнесінің символикасы мен идеясын белгілі бір деңгейде анықтай алдық. Бұл бейне еліміздің тарихындағы тек қана Махамбет Өтемісұлы емес, жалпы барша ел мүддесі үшін қызмет еткен тұлғаларға қоғамның және атқамінерлердің салғырт көзқараста екендігінің көреткіші болып табылады. Қайта тірілген Махамбет батырдың «басы» бүгінгінің адамдары білуге талпынбайтын не білу керек десе, асықпайтын шындық пен ақиқатты білдіруші. Түптеп келгенде Махамбеттің «Бас» романындағы басты ерекшелігі ол болашақ ұрпаққа үміт артуы. Қанша өз заманындағы және жаңа заманындағы «Баймағамбеттер» болса да, бүгіннің Дәурен, Айым, Ноэль, Имаш деген кейіпкерлердің бар болуы Махамбеттер армандаған бостандық пен азаттық өмірге деген үміттің белгісі деп танымыз. Романдағы қилы заман, адам қатыгездігі мен бейқамдығы, үмітсіздігі, сатира мен ызалы күлкі, үміт пен сеніммен қатарласып кездеседі. Осылайша бұл қай кезеңдегі болмасын оқырманды ойландыратын күшке ие жаңа классикалық туынды деп емін-еркін айтуға болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Рақымжан Отарбаевтың «Бас» романындағы ұлт-азаттық күрестің батыры, қазақтың біртуар ақыны мен жырауы Махамбет Өтемісұлының бейнесіне талдау жасалынды. Зерттеудің алдыға қойған мақсаты Махамбет бейнесінің сомдалуын, болмысының қайталанбас қырларын сипаттауды талап ететін талдауды алдыға қойды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біріншіден, «Бас» романына қатысы романына қатысты осыған дейін жазылған деректерді талдау арқылы, Махамбеттің бейнесіне қатысты тұжырымдар анықталды. Оны орындау үшін екінші ретгі әдебиеттерді талдау зерттеу әдісі қолданылды. Яғни, зерттеу тақырыбы аясындағы

екінші ретті зерттеулер, мақалалар мен авторлар пікірлері мен талдауларына жүгінді. Екіншіден, «Бас» романының мәтініндегі Махамбет бейнесінің символикасы мен идеясын анықталды. Бұл міндетке қол жеткізу үшін мәтін мен символдық анализ зерттеу әдісі қолданылды, мұнда кейіпкерлер туралы ақпаратты анықтау үшін роман мәтінінің өзіне жүгінеді. Сол арқылы кейіпкерлердің мотивтерін, сипаттамаларын және дамуын түсіну үшін диалогтарды, әрекеттерді, ішкі монологтарды, сипаттамаларды және басқа мәтіндік элементтерді талқыланады. Бұл әдісті қолдану барысында тарихи шолуға да қолданылды. Осылайша, зерттеудің негізгі әдістемесі анықталып, Махамбеттің романдағы бейнесі анықталды.

Ендігі кезекте, бірінші міндетті орындау барысында Махамбет Өтемісұлы жазылған барша туындылар анықталып, солардың қатарындағы Рақымжан Отарбаевтың «Бас» романының ерекшеліктері белгілі болды. Әрі ең анығы ол, «Бас» романындағы Махамбеттің толық өзінің физикалық формасы емес, тек «бас сүйегінің» өткен мен бүгін байланыстырушы элемент ретінде ұсынылды. Одан соң, романда «бүгінгі адамның ойымен суреттелген Махамбет дәуірі» деп туындыдағы Махамбеттің өткен мен қазіргі беретін бағасы, оның тұлғасына қарым-қатынасы көрсетіледі. Ал, «бас» ұғымына қатысты фольклорлық сана, мифологиялық танымның әсерін де байқауға болады. Сонымен қатар бірінші міндетті орындау барысында екі ерекше атап өтетін тұжырым бар. Біріншісі, Махамбеттің «Ноэльге» өткен шақтың шындығын айтуы, екіншісі Ноэль мен Имашпен ғана тіл қатуы. Бұл Махамбеттің «басы», Махамбет батырдың өр тұлғасының, шындықты жеткізуші және тек ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адамдармен ғана байланысқа шыға алатындығын көрсетеді.

Екінші міндетті орындау барысында, романдағы Махамбеттің «басыны» символдың рөлі анықталып, оның қазақ ауыз әдебиетіндегі “Адамның басы - Алланың добы”, “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген мақал-мәтелдер арқылы бейнесі айшықталады. Одан соң, роман сюжеті барысындағы осы басқа өзге кейіпкерлердің қарым-қатынасы арқылы «бастың» символық, субъективті бағасы беріледі. Заман өзгерсе де, адам өзгермейтін шындық бетке ашылады. Батырдың атақ, даңқы мен атын жамылған даңқой, қуыскеуде типтерге сын айтылады. Ең соңында, өз заманына сыймаған батырдың, бұл замандағы «басының» да сыймайтыны көрсетіліп, Махамбеттей шындық, ақиқаттың жаршысы мен елдік пен батырлықты ашық насихаттаушы тұлғалардың әрқашан осындай ел ішінен кертартпалық пен қиындыққа ұшырайтыны бейнеленеді. Жалпылай келе, Махамбет бейнесінің символикасы мен идеясы белгілі бір деңгейде белгілі болады.

Осылайша, қорыта келе, қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік уақытында жазылған туындылар ішінде, ерекше орын алатын «Бас» романы, қазіргі оқырманды тек өткенді қадірлеуге тікелей шақыратын емес, ойланып, толғандыратын, жаңа қазақ әдебиетінің классикалық туындысы деңгейінде қызметін байқай аламыз. Жалпы, тарихымызда әлі де қайталанып, келесі буындар арасынан да жүректі тебіренгіп, толғандыратын Махамбеттің бейнесінің мәңгі өшпес екендігін жазушы Рақымжан Отарбаев шебер жазғанын романдағы батыр бейнесіне жасалған талдау арқылы көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Пашинян, И. А. (2012). Контент-анализ как метод исследования: достоинства и ограничения. Научная периодика: проблемы и решения, (3), 13-18.
- Жеребило, Т. В. (2012). Термины И Понятия: Методы Исследования И Анализа Текста Словарь-справочник. Рефлексия, (1), 61-84.
- Құлмағамбетова, Д. (2014). Махамбет-батыр, ақын, күйші.

Тоқсамбаева, А., Кадыров, А., & Кабышев, Т. (2023). Рахымжан Отарбаевтың Драмалық Шығармаларындағы Хан-Сұлтандар Мен Батырлар Бейнесі. Вестник Евразийского Гуманитарного Института, (3), 242-259.

Әлмұханова Р. (2020). «Бас» және намыс.

Әбілмақын Д. (2021). «Қазақы мінез, «Бас» және Рахымжан Отарбаев.

Ult.kz., (2022). «БАС» Романының Саяси Астары Қандай?

Р.Шаяхметов., (2019). Как казахский ученый восстанавливал по черепу лица наших предков.

Nadezhda.kz., (2015). Как убивали Махамбета.

С. Рахметұлы ., (2015). «Бас» романының басты мазмұндарына шолу.